

A vibrant spring landscape featuring a bright sun with rays in the top left, fluffy white clouds in the center, and a lush green field in the foreground. Pink cherry blossoms with green leaves are visible in the top right and bottom left corners.

**Көктем мезгілінің
картотекасы.**

Серуен № 1

1. Бақылау. Гүлдейтін ағаштарды бақылау.

Мақсаты: Жеміс ағаштарының гүлдейтінін көрсету арқылы оларға түйнектің қалай пайда болатынын түсіндіру. Ағаштарды сындыпмай, күтіп-баптау қажеттігін білдіру.

2. Қимылды ойындар: «Мысық пен тышқан», «Қуыспақ» «Өз ағашыңды тап»

3. Жеке жұмыс. Балаларға шие және алма ағаштарын гүліне қарай ажыратуға жұмыстану .

4. Еңбек. Ағаш түбін қопсыту, су құю.

5. Көркем сөз.

Отырғыз ағаш көктемде,
Жөн болмақ еңбек еткенің.
Келмесе шамаң еккенге,
Сындырма жұрттың еккенін.

Серуен № 2

1. Бақылау. Қараторғайды бақылау.

Мақсаты: құстар туралы білімдерін толықтырып, қарғамен салыстыру, ұқсастығын көрсету. Қамқорлыққа тәрбиелеуді жалғастыру.

2. Қимылды ойындар: «Арқан тартыс», «Қуыспақ» «Құстар мен машиналар»

3. Жеке жұмыс. Үш-төрт балаға «Аталған құсты көрсет» дидактикалық ойынды үйрету.

4. Еңбек. Құстарға жем шашу.

5. Көркем сөз. Жұмбақ.

Балалармен достасып,
Жазда бақты қорғайды.

Күзде кетер қоштасып,
Кім біледі... (торғайды).

Серуен № 3

1. Бақылау. Жәндіктердің алғашқы жандануын бақылау.

Мақсаты: Жәндіктер туралы білімдерін толықтыру. Құмырсқа , масаларды бақылату арқылы олардың шағатынын, еңбекқорлығын көруге үйрету.

2. Қимылды ойындар:

«Масаны ұстап ал»

«Үйсіз қоян»

3. Жеке жұмыс. Жәндіктер туралы жұмбақтар шешу.

4. Еңбек. Жәндіктерге нан қиқымын беру.

5. Көркем сөз. Құмырсқа батыр.

Қимылдап жатыр.

Алды да ырғап,

Көтерді «бір қап»

Құмырсқа қыстан,

Шығады жырғап.

Жалқауға күллі-

Құмырсқа үлгі.

Серуен № 4

1. Бақылау. Құстарды бақылау.

Мақсаты. сауысқан, торғай, қарғаның қимылы-қозғалыстарындағы өзгешеліктерді байқауға және айтуға үйрету. т.б

2. Қимылды ойындар: «Құстар мен мысық», «Ақ серек, көк серек»
«Ұшты-ұшты»

3. Жеке жұмыс. 4-5 баланы көздеп түсіруге жаттықтыру.

4. Еңбек. Телімді жинастыру.

5. Жұмбақ жасыру. Қайталап атымды,
Көктемде ән саламын.

Кез келген ұяға

Жұмыртқа саламын.

(көкек)

Ұшқаны қызық жалпылдап,

Өзі сондай қарқылдақ. (қарға)

Серуен № 5

1. Бақылау. Ауа райын бақылау.

Мақсаты: ауа райы туралы өз ойларын айтуға үйрету, кешегі күнгі ауа райымен салыстырып өзгешелігін айырып атауға жұмыстану.

2. Қимылды ойындар: «Кеглиді көздеп құлат», «Ормандағы аю»

3. Жеке жұмыс. 4-5 баламен жіңішке жолмен тепе-теңдік сақтап, құламай жүгіру.

4. Еңбек. Ойын алаңының қоқыстарын жинау. Өздеріне жүктелген жұмысты жауапкершілікпен атқару.

5. Көркем сөз.

Жұмбақ. Жылт-жылт еткен,
Жырадан өткен. (су)

Серуен № 6

1. Бақылау. Құстарды бақылау.

Мақсаты: құстардың аттарын атап үйрету. Қарға мен сауысқанның айырмашылығын табуға жаттықтыру

2. Қимылды ойындар: «Дәуіт пен қарлығаш», «Біз көңілді балалар»

3. Жеке жұмыс. 2-3 баламен алғашқы ұшып келетін құстар қаз, қарлығаш, бозторғай туралы әңгімелесу.

4. Еңбек. Құстарға жем шашу, әкелерімен бірігіп ұя жасауды ұсыну.

5. Көркем сөз. Жұмбақ жасыру.

Екі айыр құйрығы,
Қияқ мұрт қанаты.
(қарлығаш)

Серуен № 7

1. Бақылау. Көгершіндер мен торғайларды бақылау.

Мақсаты: құстардың атауларын айтуға, бір-бірінен ажыратуға үйрету. Оларға қамқор болуға тәрбиелеу.

2. Қимылды ойындар: «Мысық пен тышқан» «Ормандағы аюлар»

3. Жеке жұмыс. Алақанмен допты жерге ұрып жаттықтыру.

4. Еңбек. Гүлзарларға гүлдерді отырғызу.

5. Көркем сөз. Көгершін

Көк көгершін, көгершін,
Көгершін келер жем үшін.

Балалар жем себелік,
Жем жесін де семірсін.

Серуен № 8

1. Бақылау. Ауа райын бақылау.

Мақсаты: ауа райы туралы өз ойларын айтуға үйрету, кешегі күнгі ауа райымен салыстырып өзгешелігін айырып атауға жұмыстану.

2. Қимылды ойындар: «Мысық пен тышқан», «Не өзгерді?»

3. Жеке жұмыс. Аспан туралы жұмбақтар шешу.

4. Еңбек. Телімдегі қағаз- қоқыстарды жинау.

5. Жұмбақ. Орақ болып туады,

Табак болып тұрады. (ай)

Жымыңдатып көздерін,

Түнде алыстан жанады.

Таң атқанда өздері,

Жасырынып қалады.

(жұлдыздар)

Желмен ұшып жетеді,

Желмен ұшып кетеді.

(бұлт)

Серуен № 9

1. Бақылау. Күннің көзін бақылау.

Мақсаты: балаларға күннің сәулесінің пайдасын түсіндіру, өсімдіктер мен жәндіктер, барлық тірі табиғат үшін маңыздылығын білгізу.

2. Қимылды ойындар: «Қояндар мен қасқыр», «Мысық пен тышқан», «Күн мен түн»

3. Жеке жұмыс. 2-3 балаға жыл мезгілдерінің аттарын айтқызып үйрету.

4. Еңбек. Телімдегі ағаш қалдықтарын жинау.

5. Көркем сөз: Ақ сандығым ашылды,
Ішінен жібек шашылды.
(күннің көзі)

Серуен № 10

1. Бақылау. Құстарды бақылау.

Мақсаты: құстардың аттарын атап үйрету. Торғай мен сауысқанның айырмашылығын табуға және олар туралы айта білуге жаттықтыру.

2. Қимылды ойындар: «Қуыспақ», «Мысық пен құстар».

3. Жеке жұмыс. Үш-төрт балаға тақпақ жаттату. Торғай ағаш қорғайды.

Шыр-шыр еткен торғайды,

Таспен атып торғайды,

Қорғамасаң болмайды.

Ұя бұзған оңбайды.

Кіп-кішкене торғайлар,

Құс өспелеп кетеді,

Ағаштарды қорғайды.

Бақшамызға

оңбайды.

4. Еңбек. Құстарға жем беру.

5. Көркем сөз. Торғай, торғай, тоқылдақ,

Жерден тары шоқып ап.

Бөтегесі томпайып,

Шиық-шиық десіп отырады.

Серуен № 11

1. Бақылау. Аула сыпырушы еңбегін бақылау.

Мақсаты: Аула сыпырушының құралдарымен таныстыру, олардың неге ? қалай ? қолданылатынын білдіру. Үлкендер еңбегін құрметтеуге және олардан өнеге алып еңбекқор болуға тәрбиелеу.

2. Қимылды ойындар: «Ақ серек, көк серек», «Кім шапшаң?». «Аққу-қаздар».

3. Жеке жұмыс. Еңбек туралы мақал жаттау.

Еңбегі аздың - өнбегі аз.

Еңбектің наны тәтті,

Жалқаудың жаны тәтті.

4. Еңбек. Аула сыпырушыға көмектесу.

5. Көркем сөз. Қанатты сөздер.

Серуен № 12

1. Бақылау. Күнді бақылау.

Мақсаты: Күннің сәуле шашуын, жер бетін жылытуын бақылату. Күннің көзі мен көлеңкедегі жердің қызуын салыстыру.

2. Қимылды ойындар: «Күн мен жаңбыр», «Кім түртті?».

3. Жеке жұмыс. Күн шыққанда екі-үш балаға жаттату

Май берейін, құрт берейін,
Күннің көзі шық,шық.

Алақай, алақай,
Күн шықты, күн шықты,
Жер үстіне нұр шықты.

4. Еңбек. Еріген суға жол ашу.

5. Көркем сөз. . Арнау өлең оқу

Алақай, алақай !

Күн шықты, күн шықты,
Жер үстіне нұр шықты.

Серуен № 13 .

1. Бақылау. Ауа- райын бақылау.

Мақсаты: Бүгін күн қалай? Жылы ма, салқын ба бақылату. Оны қайдан және қалай аңғарып тұрсындар? Сұрақтарға нақты және толық жауап беруге үйрету.

2. Қимылды ойындар: «Ұшты-ұшты», «Кім тез жетеді?».

3. Жеке жұмыс. 1-2 баланы санауға, санды тани білуге үйрету.

4. Еңбек. Телімдегі құмды көтеріп жинау.

5. Көркем сөз. Арнау өлең оқу
Алақай, алақай !

Күн шықты, күн шықты,
Жер үстіне нұр шықты.

Серуен № 14

1. Бақылау. Транспортты бақылау.

Мақсаты: көлік түрлері туралы білімдерін толықтыруды жалғастыру. Оларды тануға, айырып тауға үйрету. Соның ішінде автобусты бақылату және олардың әртүрлі болатынын көрсету. Жол жүру ережелерін де қайталату.

2. Қимылды ойындар: «Өз орныңды тап»,
«Жүргізуші мен жаяу адам»,

3. Жеке жұмыс. Екі-үш балаға автобустағы ережелерді үйрету.

4. Еңбек. Алаңды жинау. Тазалыққа дағдыландыру.

5. Көркем сөз: М Жаманбадинов. «Автобуста»

Демалыс күн. Автобуста көп халық,

Отырды олар базарда да топталып.

Жалғыз үйрек қорапшаға салғаны,

Мінді кенет шал есіктен алдағы.

Тұмшаланған құстың басын ашты да,

Қоя салды орындықтың астына.

«Азаматтар. Алға қарай барындар.

Азаматтар. Кәне, билет алындар» -

Деген сөзге үйрек сонда елеңдеп.

Га-га-лайды: «Мен билетсіз келем» - деп.

Серуен № 15

1. Бақылау. Аспанды бақылау.

Мақсаты: Аспандағы бұлттардың пішіндерін бақылату арқылы қиялын, зейінін дамыту. Олардың неге ұқсайтынын сұрау арқылы білімдерін толықтыру.

2. Қимылды ойындар: «Мысық пен тышқан», «Бұлтты және ашық күн», «Қуыспақ».

3. Жеке жұмыс. Жұмбақ жаттату.

Ақ сандығым ашылды,
Ішінен жібек шашылды.

(күн)

Төбемізде тұрады,
Көгілдір боп әрдайым.

(аспан)

4. Еңбек. Жапырақтарды жинау.

5. Көркем сөз: Бұлтқа

- Ақсың, сұрсың, қарасың,
Қайда қалқып барасың ?

Жерге нөсер төгемін,
Өссін гүлдер, көп егін !

- Гүл-гүл жайнап өсер көк,
Нөсерлетсең, нөсерлет.

Серуен № 16

1. Бақылау. Ауладағы сиреньдерді бақылау, ағаштарының және бүршіктерінің өсіп келе жатырғанын, басқа ағаштармен салыстыру. Оның жұпар исін искеу.
2. Қимылды ойындар: «Бір шоқ гүл жина », «Аталған ағашқа қарай жүгір».
3. Жеке жұмыс. Үш, төрт баламен ағаштарды күтіп, баптау керек оны сындырмай басқа заттардан қорғауға үйрету. Оның көлеңке және табиғатқа сән беретінін айту.
4. Еңбек: Қыстан телімді тазалау.
5. Көркем сөз. Қырға кілем жайдым.

(қызғалдақ)

Серуен № 17

1. Бақылау. Ауа райын бақылау.

Мақсаты: ауа райы туралы өз ойларын айтуға үйрету, кешегі күнгі ауа райымен салыстырып өзгешелігін айырып атауға жұмыстану.

2. Қимылды ойындар: «Мысық пен тышқан», «Не өзгерді?»

3. Жеке жұмыс. Аспан туралы жұмбақтар шешу.

4. Еңбек. Телімдегі қағаз- қоқыстарды жинау.

5. Көркем сөз: Орақ болып туады,
Табак болып тұрады. (ай)
Жымыңдатып көздерін,
Түнде алыстан жанады.
Таң атқанда өздері,
Жасырынып қалады.
(жұлдыздар)
Желмен ұшып жетеді,
Желмен ұшып кетеді. (бұлт)

Серуен № 18 .

1. Бақылау. Темір жол бекетін бақылау. Поездың жолдарын, темір жол деп атайды, өзінің тоқтайтын бекеттері бар және сағаттарға байланысты жүретінін балаларға түсіндіру. Поездың өзінің бағдаршамы бар қызыл жанса, яғни поездар жақындады дегенді білдіреді..

2. Қимылды ойындар: «Көпірден өт», «Темір жолмен жүр», «Жолдың жиегімен жүгір»

3. Жеке жұмыс. 2-3 Машинисттер туралы әгімелеу олардың өте жауапты жұмыс екенін түсіндіру.

4. Еңбек. Өз киімдерін ретімен мұқият киінуге, бауын байлауға жаттықтыру.

5. Көркем сөз. Жұмбақ.

Үш көзді батыр,
Жолды аңдып жатыр.

(Бағдаршам)

Серуен № 19

1. Бақылау. Жаңбырды бақылау, жауынның азайғаны, жәй жауын, соқыр жуын болатындарын балаларға айтып түсіндіру. Балаларды көктемнің көңілді күндерімен таныстыру.

2. Қимылды ойындар: «жаңбырдың жауғандыбыстарын шығару» қимылмен тарсылдатып көрсету. «Күн шықты жаңбыр жауды»

3. Жеке жұмыс. 2-3 балаға жұмбақ жасыру:

Көтеріліп теңізден,
Биіктен қайта түскенде,
Аспанға биік барамын.
Өңі кірер даланың.

(Жаңбыр)

4. Еңбек. Телімдегі ағаш сынықтарын, қағаз қалдығын, әйнек т.б. заттарды жинау.

5. Көркем сөз. Жаңбыр жауса жер ырысы
Батыр туса ел ырысы.

Серуен № 20

1. Бақылау: Күннің көзін бақылау.

Мақсаты: Көктемгі күннің қызуы туралы білім бере отырып, оның қарлар мен мұздарды ерітіп жатқанын бақылауға үйрету. Күн сәулесінсіз табиғаттың өмір сүре алмайтындығы туралы түсінік беру.

2. Қимылды ойын: «Күн мен жаңбыр»

3. Жеке жұмыс: 1-2 балаға жерге күннің суретін салуды үйрету.

4. Еңбек. Ойын алаңындағы қоқыстарды жинау.

5. Көркем сөз: Күн жылынып, қар еріп,
Сай-салаға толады.
Бөбектерім айтыңдаршы,
Бұл қай кезде болады?